



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Әділетті қоғам құрудағы маңызды қадам

3 Ауыл тұрғындарына арналған шағын несиелер

5 Сексен бестің сыры көп тыңдағанға

6 Кітап кемелденуге көмектеседі

ПРЕЗИДЕНТ



Ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Габриэлус Ландсбергисті қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беріле отырып, Қазақстан мен Литва қарым-қатынастарын дамыту перспективалары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы іс-әрекет мәселесі талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Габриэлус Ландсбергистің ішкі типат білдіре отырып, Литва еліміздің Балтық жағалауы аймағы мен Еуропалық Одақтағы басымдыққа ие серіктесі екенін атап өтті.

Кездесуде үкіметаралық ынтымақтастықты және екі елдің іскер топтары арасында көлік, логистика, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы іс-әрекетті жандандырудың маңыздылығы сөз болды.

Өз кезегінде Габриэлус Ландсбергис Қасым-Жомарт Тоқаевқа Литва Президенті Гитанас Науседаның жүрек-жарды сәлемін және ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар Литва Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші сауда-экономикалық серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Бұдан бөлек, олар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

НАҚТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұздағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы Премьер-министрдің баяндамасын тыңдады.

Қабылданған шаралар қаланы қиын жағдайдан шығаруға септігін тигізді. Екібастұзға келген Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға тұрғын үйлерді жылуды қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға жедел басшылық жасау тапсырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы Үкіметке қалаларды қысқы жылыту маусымына дайындау кезінде жіберілген қателіктерге мұқият талдау жүргізу міндетін жүктенді. Сондай-ақ Үкіметке Екібастұзда және басқа да елді мекендерде қалыптасқан күрделі жағдайды түбегейлі өзгерту үшін нақты шешімдер қабылдау тапсырылды.

Бұдан бөлек, жекешелендірілген энергетикалық активтерге және олардың иелерінің жауапкершілігіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Президент Үкімет пен құқық қорғау органдарының барлық жұмысы өзінің жеке бақылауында екенін атап өтті.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Аптын сапа» және «Парыз» республикалық конкурсы жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Президент келесі жылдан бастап «Парыз» байқауының жеңімпаздарын анықтау кезінде қосымша талаптар болатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл – ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қолжетімді орта қалыптастыруға үлес қосу. Бұл – мемлекетіміз бен бизнестің азаматтарымыз алдындағы ортақ борышы.

Биыл байқауға Қызылорда облысы бойынша 33 кәсіпорын өтінім берді. Конкурс нәтижесінде «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясымен қызылордалық «Жаназол» ЖШС марапатталды.

Орынбасар Төлепов басшылық ететін кәсіпорынның негізгі бағыты – күрші өсіру және ішінара мал шаруашылығы. Соңғы 20 жылдан бері күршінің өнімділігі тұрақты болып, облыста алдыңғы қатардағы шаруашы-



лықтардың біріне айналды. Бүгінде шаруашылықта 400-ден астам маман жұмыспен қамтылған.

– Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – кәсіп істеген жандар үшін маңызды бағыт.

«Жаназол» серіктестігі ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсаруына әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Ауылды өркендетуге 300 млн теңгедей қаржы салдық. Күрші, жем-шөпті

тұрғындарға төмен бағаман береміз. Жыл сайын жиынтерім нақанының қорытындысымен үздіктердің еңбегін лайықты бағалау дәстүрге айналған, – дейді Орынбасар Төлепов.

Ал «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Торғай-Петролеум» АҚ лауреат атанды. Компания облыс экономикасына елеулі үлес қосып, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, еңбек жағдайын жақсартуда орнықты жұмыстармен алдыңғы қатардан көрінуде.

Шикі мұнай мен ілеспе газды өндірумен айналысатын кәсіпорында 458 адам жұмыс жасайды. Елорда төріндегі салтанатты шарада номинация компанияның Бас директоры Қайрат Арынғазиевке табысталды.

Тағы бір қызылордалық кәсіпорын «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясын иеленді. «Номад Солар» ЖШС марапат мінберінен көрінді. Бұл кәсіпорын жанарғылатын көздерден электр энергиясын өндірумен айналысады. Қуаттылығы 28 МВт күн-электр станциясы – облыстағы ең ірі станциялардың бірі. Кәсіпорын басшысы Плезан Пьерр елорда төрінде марапат мінберінен көрінді.

Айта кетейік, республикалық конкурста Қызылорда өңірінің кәсіпорындары 2008 жылдан бері белсенді түрде қатысып келеді.

ӘДІЛЕТ ВИЦЕ-МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келген ҚР Әділет вице-министрі Бекболат Молдабековпен кездесті.

Вице-министр ұлттық заңнаманы қалыптастыру және дамыту шеңберіндегі жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Мұнан бөлек, өңірде зияткерлік меншік құқығын қорғау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметтер сәтті түрде

жүзеге асқанын айтты.

Әділет министрлігі 119 нөмірі бойынша тегін тәулік бойы құқықтық-ақпараттық кеңес береді.

Биыл «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, тегін заң көмегін алатын азаматтардың қатары артты. Осы

жылдың 11 айында Қызылорда облысында 5 мыңға жуық азаматқа тегін заң көмегі көрсетілген.

Кездесу соңында алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды атқару мәселесі псыықталды.

Айта кетейік, ҚР Әділет вице-министрі Б.Молдабеков «Достық үйінде» Қызылорда облысының тұрғындары және қоғамдастық өкілдерімен кездесу өткізді.

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

САЙ-САЛАҒА ҚАШҚАН СУ ДАРИЯҒА ҚАЙТСЕ ҚАЙТА ҚҰЯДЫ?

Сырдария – өзені Қырғызстан мен шығыс Өзбекстандағы Тянь-Шань тауларындағы Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан бастау алады да, 2212 шақырым қашықтықта орналасқан Арал теңізіне барып құяды. Сырдария өзенінің суы Орталық Азиядағы ең құнарлы мақта өсіретін аймақтарды және оның бойындағы Қоқан, Худжанд, Түркістан және Қызылорда облыстарын сумен қамтамасыз етуге қолданылады.

4-бет



ФОРУМ

ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРГЕН 10 БАСТАМА

Облыстық Жастар ресурстық орталығында «Жасампаз шақ – жастық шақ» атты жастар форумы өтті. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы қатысып, форум алдында көрсетілген жас кәсіпкерлер көрмесін тамашалады. Бизнес жолын таңдаған талапты жастармен еркін пікір алмасқан аймақ басшысы форумның ашылу салтанатында сөз сөйлеп, ақыл-білімімен, толайым табыстарымен дараланып жүрген Сыр жастарының жетістіктеріне тоқталды.

Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақстан – дарынды жастар мені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып,

қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», деп бүгін мен болашақтың жүгін сеніммен жүктенді. Мұны ортақ мүдде деп қарастыруымыз керек. Еліміздің абыройын асқатқату жолында жастардың ықпалы қашанда үстем. Аймақ жастарының барлық салаларда жетістіктері жетерлік, – деді облыс әкімі.

3-бет



БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАСЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында балық шаруашылығын дамыту және жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау мәселелері қаралды. Жиынға министрлер мен селекторлық байланыс арқылы өңір әкімдері қатысты.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев баяндама жасап, өткен жылы сәуірде қабылданған Балық саласын дамыту бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде 2030 жылға қарай 270 мың тоннаға дейін балық өсіру, балық өнімдерін ішкі тұтынуды жылына 134 мың тоннаға дейін ұлғайту және импорт көлемін 45 мың тоннадан 25 мың тоннаға дейін азайту жоспарланғанын айтты.

Үкімет басшысы балық шаруашылығы саласына инвестициялар тарту жұмысын күшейту қажет екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев Кешенді жоспарға 675 мемлекеттік меншік және квазимемлекеттік сектор нысаны енгенін жеткізді.

Премьер-министр объектілердің сату алдындағы дайындық сапасына жеткілікті деңгейде көңіл бөлу керектігін қаперге салып, кешенді жоспарды толыққанды іске асыру үшін жекешелендіру процесінің ашықтығын арттыруды тапсырды.

Селектордан кейін Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, облыс бойынша жекешелендірудің кешенді жоспарында көзделген іс-шаралар орындалғанын айтты.



Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға экологиялық су жіберу кезінде көлдерге суды мүмкіндігінше толтыру үшін гидротехникалық құрылыстар салу бойынша ұсыныстар енгізу және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша табиғат пайдаланушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Біздің облыс күршінен кейінгі балықпен мақтана алатындай болуы тиіс. Оған барлық мүмкіндіктеріміз бар. Облыста Кіші Арал теңізі және балық шаруашылығында манызды 207 көл бар. Қазіргі таңда Шардарадан төменге көп көлемде 500 м³/сек су түсіп жатыр. Сондықтан көлдерге су толтыруға мүмкіндігінше тиімді жұмыс жасауымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

Жиын соңында Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына жылдың аяқталуына аз ғана уақыт қалғанын қаперге салып, бюджет қаражатын уақытылы әрі сапалы аяқтау керек деді. Бұл ретте «қаржыны игеру қажет екен» деп сапасыз жұмысқа бюджет қаражатын бағыттау дұрыс емес екенін ашып айтты.

Облыс әкімі жаңадан салынатын нысандардың құрылысын дұрыс жоспарлау мәселесіне де жете көңіл бөлу қажеттігін жасырмады. Әсіресе, «Жайлы мектеп» ұлттық жоба аясында өңірде салынатын 21 мектептің балаларға ыңғайлы және тұрғындарға қолайлы болуына

аудан әкімдері жеткілікті деңгейде мән беруі тиіс деді.

Айта кетейік, балық қорын сақтау және оның жасанды өсімін молайту жолымен қайта жаңғырту мақсатында жыл сайын «Қамыстыбас» балық питомнигінде 15 млн дана балық шабағы өсіріліп, Кіші Арал теңізімен су айдындарына жіберіледі.

Облыстық бюджет есебінен Арал қазы балығының генофондын сақтау үшін жыл сайын күрші алқаптарынан 10 мың дана шабағы құтқарылып, Сырдария өзені мен көлдерге жіберіледі.

Быыл 8,2 млн дана балық шабағы құтқарылып, су айдындарына жіберілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев пен облыс прокуроры Нұрлан Бижанов прокуратура қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде сала ардагерлері мен қызметкерлерді құттықтап, тілек арнады. Басқосуға құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

ТӨЛ МЕРЕКЕДЕ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Нұрлыбек Нәлібаев елімізде заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қадағалау және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде прокурорлардың еңбегі ерекше екенін айтты.

– Қоғамға қызмет уақыт шектеуіне бағынбайды. Бүгінде прокуратурадағы әрбір қызметкер Мемлекет басшысы айқындап берген маңызды міндеттерді мінсіз атқарып, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде мемлекеттің сенімді тірегіне айналды.

Салада қызмет атқаратын әрбір азамат абыройын міндеттің салмағын санамен, ауырлығын армен, өлшемін өремен сезіне біліп, қоғамға қалтқысыз қызмет етуде, – деді аймақ басшысы.

Басқосуда сөз алған облыс прокуроры Н.Бижанов әріптестерін құттықтап, биыл жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның маңызы мен ерекшеліктерін атап өтті. Келер жылдан бастап прокуратура органдарының құзыреті кеңейіп, жаңа жүйеде жұмыс істеуді бастайды.

Мерекелік басқосуда сала үздіктеріне төсбелгі тағылып, арнайы Алғыс хаттар табысталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Облысқа арнайы іссапармен келген ҚР Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков «Достық үйінде» тұрғындармен кездесті. Кездесуге облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Алдымен вице-министр жергілікті және республикалық БАҚ өкілдеріне брифинг берді. Онда жұмыс сапарының мақсаты мен саладағы жаңалықтарды айтып, Конституцияға енгізілген өзгерістерден де хабарлар етті. Журналистердің сауалдарына жауап беріп, алдағы жоспарымен бөлісті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық сот құруды тапсырған болатын. Осыған орай Конституциялық сот туралы заң қабылданып, ол 18 қарашадан бастап күшіне енді. Конституциялық сот өз қызметін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастайды.

Конституциялық сот – дербес конституциялық қадағалау органы, ол сот жүйесіне кірмейді. Оның негізгі міндеті – кез келген деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру. Егер Конституциялық кеңеске Мемлекет басшысы, Парламент палатасының өкілдері, Парламент палатасының депутаттары, сондай-ақ олардың жалпы санынан кемінде 1/5 ғана, соттар жүгіне алса, Конституциялық сотқа Қазақстан Республикасының азаматтары да жүгіне алады. Жыл соңына дейін төраға мен оның орынбасарын қоса алғанда 11 судьядан тұратын Конституциялық сот құрылады. Оған тек жоғары білікті, мамандығы бойынша кемінде 15 жыл өтілі бар, беделді, 40 жасқа толмаған заңгерлер судья бола алады. Судьялардың өкілеттілік мерзімі сегіз жылға созылады. Бұл ретте, сол адам Конституциялық сотта бір реттен артық судья болып тағайындалмайды.

Вице-министр қазіргі уақытта «Нотариат туралы» Заңға қабылданған түзетулер жылжы-

майтын мүлікке мәмілені рәсімдеуді жеңілдеткенін айтты. Енді мәмілені азаматтар жылжымайтын мүлік орналасқан жерге міндетті түрде бармай-ақ, республика бойынша кез келген нотариуста рәсімдей алады. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңға енген өзгерістерге сай, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, тұрмыстық зорлық-зомбылық, азаптау құрбандарына, 1 және 2 санаттағы мүгедектерге, зейнеткерлерге құқықтық кеңес түрінде тегін заң көмегіне кепілдік берілді. Бекболат Молдабековтің айтуынша, осы жылдың 11 айында облыс бойынша 5 мыңнан астам азаматқа тегін заң көмегі көрсетілген.

Сонымен қатар ол некені тіркеу мерзімі 15 күнге дейін қысқартылғанын атап өтті. «Электрондық үкімет» және «eGovernment» порталы арқылы туу, неке және қайтыс болу туралы куәлікті электронды түрде алуға болады.

Вице-министр халықтың жерге және жер қойнауына, жануарлар мен өсімдік әлеміне, басқа да табиғи ресурстарға меншік құқығы туралы Конституцияда жарияланған нормаларға да тоқталды.

Бұл ретте Конституцияда бекітілген нормада біздің әрқайсымызға жердің қандай да бір алаңына немесе жер қойнауы учаскесіне меншік құқығын туғызбайды, ол жерді, жұр қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану Қазақстан халқының мүддесі үшін жүзеге асырылуы тиіс екенін айқындайды деген қағидат сипаты бар екенін түсіндіріп қажет. Мәселен, ел Президенті Ұлттық қордың, оның ішінде Қазақстанның



жер қойнауын пайдалану есебінен қалыптасатын кірісінің бір бөлігін балалардың қажеттіліктеріне бағыттауды ұсынды. Бұл – халықтың жерге меншік құқығын іске асырудағы тәсілдердің бірі, – деді вице-министр.

Әділет министрлігі Зияткерлік меншік мәселелерімен де айналысады. Бекболат Молдабековтің айтуынша, жыл басынан бері облыс тұрғындары мен кәсіпорындарының өтінімдері бойынша тауар белгілеріне 14 куәлік, өнертабысқа 1 патент, пайдалы модельдерге 5 патент, өнеркәсіптік үлгілерге 1 патент берілген.

Атқарушылық іс жүргізу – облыс бойынша ғана емес, бүкіл елімізде ең өзекті мәселелердің бірі. Өзіндігі таңда Қызылорда облысы бойынша барлығы 12 мемлекеттік және 77 жеке сот орындаушы қызмет атқарады.

Осы күнге дейін олардың өндірісінде 341 мың атқарушылық өндіріс болып, оның 170 мыңы өндірілген. Көрсетілген санның едәуір бөлігін алимент өндіріп алу жөніндегі құжаттар құрайды. Облыста бұл 14 мыңнан астам іс. Вице-министрдің айтуынша, материалдық жағдайы бола тұра, балаларына жәрдемдесуден әдейі жалтаратындар, өз мүлкін жасыратындар да бар. Сондықтан алимент өндіруге қатысты іс жүргізу процесінде сот орындаушылары мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қабылдауына тура келеді. Облыс бойынша алимент төлеуден жалтарған 281 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған, ішкі істер органдарына қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін 49 ұсыныс жіберілсе, 1562 борышкерге қатысты Қазақстан Республикасының шығуға уақытша тыйым салынып отыр.

Берешекті мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде және қоғамдық орындарда орнатылған терминалдар, сондай-ақ Kaspi bank пен «Қазпошта» мобильді қосымшалары арқылы онлайн

режимде төлеу мүмкіндігі берілген. (Kaspi.kz және Post.kz). Қарызы толық өтелген кезде атқарушылық өндіріс органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі шоттарға және шығуға тыйым салуды автоматты түрде жоюды.

Сондықтан да қазіргі уақытта біз Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп келіпдендірілген хабарламалардың бірыңғай жүйесінің әзірленуіне жұмыс жүргізудеміз, яғни әрбір қазақстандық барлық мемлекеттік органдардан сол не өзге берешегінің болуы туралы, қандай да бір әрекет жасау қажеттілігі туралы хабарлама алуы тиіс. Бұл ретте, ешкім хабарлама алмадым немесе хабардар болмадым деп айта алмайтынын ескерген жөн, өйткені аталған жүйеге хабарлама жіберілген сәттен бастап, азамат хабардар етілген болып есептеледі, – дейді вице-министр.

Бүгінде Әділет министрлігі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жалпыға бірдей тегін қолжетімділікті қамтамасыз етті. Бұл – кәсіби заңгерлерге ғана емес, қарапайым азаматтарға ресми тіркелген нормативтік-құқықтық актілердің мәтінімен танысуға үлкен мүмкіндік. Сонымен бірге Әділет министрлігінің 119 нөмірі тәулік бойы құқықтық-ақпараттық қызметі жұмыс істейді, барлық құқықтық мәселелер бойынша тегін кеңес беріледі.

Кездесу соңында тұрғындар кәсіпкерлік мақсаттағы ғимаратты рәсімдеуде кездесетін кедергілер жайлы, алимент мәселесі, заңгер мамандарының болашағы туралы сұрақтар қойды. Вице-министр өзекті мәселелер көтерген тұрғындардың кейбір сауалдарын жазып алып, оның аян аясында жан-жақты қаралып, жауап берілетінін айтты.

Түс ауа «Достық үйінде» Бекболат Молдабеков азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдады. Одан кейін облыстық әділет департаментінің қызметкерлерімен кездесіп, жұмыс барысын талқылады.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

РУСЛАН РУСТЕВОВТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РЕТІНДЕ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 5) тармақшасына, 73-бабына сәйкес 2022 жылғы 7 желтоқсанда Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы өзін-өзі ұсынған, 1968 жылы туған, қазак, Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы, «AMANAT» партиясының мүшесі, Қызылорда қаласында тұратын Руслан Рустемовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 674 қаулысы

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 13 ШІЛДЕДЕГІ №535 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ПЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 14-3) тармақшасына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 535 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:

15-тармақтың 14) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

«26-1) аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады»;

2. «Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.Ж.Жайымбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ

Жастарды жігерлендірген 10 бастама

Соның ішінде аймақтың спорт саласында ерекше қуаныштың бар екенін атап өткен жөн. Сыр мақтанышы, белгілі шахматшы Әсел Серікбай жуырда Италияның Сардиния қаласында өткен Әлем чемпионатынан күміс медаль иеленді. Бұған дейін 17 дүркін Қазақстан, 3 дүркін Әлем, 7 дүркін Азия чемпионы атанған Әсел Серікбай Сыр елінің қоржынына тағы да бір марапат – күміс медаль қосып, облыс бойынша ең алғашқы «гроссмейстер» атанды.

Жас мұғалім, Қазақстан Республикасының Президенті жанынан құрылған Жастар кеңесінің мүшесі, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының «Медиа» бағыты бойынша жеңімпазы Айсана Намурадин сынды өз арамдыда жүрген талантты жастарымыз жетерлік. Өнер саласында Яна Ким әлемнің 39 елінен 7-ден 60 жасқа дейінгі суретшілер қатысатын Лондондағы халықаралық суретшілер көрмесіне шақырту алды. Осыған дейін Түркияда өткен халықаралық суретшілер байқауының гран-при иегері атанды. Желтоқсан айында Египетте өтетін халықаралық байқауға қатыспақ.

Облыс әкімі аймақта жастар саясатына қатысты барлық мүмкіндік қарастырылып жатқанын атап өтті. Оның бір дәлелі – жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылды.

– Аймақ тұрғындарының 21 пайызын құрайтын жастарды қолдау мақсатында биыл бюджеттен 500 млн теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде аймағмызда маңызды әрі жастардың сұранысына сай бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Сұранысқа ие мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған облыс әкімінің 100 гранты тағайындалды. Ғылыми қызметке тартылған жастар санын арттыру, жас ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыру жұмыстары қолға алынды, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сондай-ақ, аймақ басшысы қоғамдық және қайырымдылық істерге Сыр еріктілері қай кезде де белсенді түрде атсалысып жүргенін айтты. Олардың көмегімен жыл басынан бері 6,5 мыңға жуық мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл облыста 5 691 жұмыс орны ашылып, көрсеткіш артығымен орындалған. Ал жастарды жү-



мыспен қамту тапсырмасы бойынша алдағы жылы аймақта 6 мыңға жуық жасты жұмыспен қамту жоспарлануда. Нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,9%-ға дейін төмендейді.

Аймақта атқарылған ішкі шаралардың барлығында өңір жастарының өзіндік үлесі барын айтқан облыс әкімі осыған дейін жинақталған ой-пікір, ұсыныстарды саралап, сала жетекшілері мен қала, аудан әкімдеріне арнайы тапсырмалар берді. Жастардың өз қабілетін толық жүзеге асыру үшін әлеуметтік-экономикалық тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында аймақ басшысы келесідей он нақты бастама көтерді:

✓ **БІРІНШІ**, жас отбасылардың баспаналы болып, қоғамда әлеуметтенуі – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Сондықтан облыс әкімі орынбасары Мархабат Жайымбетұлы мен Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Өмірбекұлына тиісті салалық басқармалармен бірлесіп, «Сыр елі жастары» облыс жастарына жеңілдетілген ипотекалық несиелер беру бағдарламасын қабылдау бойынша бір ай мерзімде нақты ұсыныстар енгізуді міндеттеді.

✓ **ЕКІНШІ**, шахматқа қызығушылық танытатын жастар көбейіп келеді. Әсел Серікбай секілді талантты жастардың әлеуетін әлі де пайдалану қажетін айтқан облыс әкімі мәдениет және спорт басқармасына облыс орталығынан шахмат академиясын ашу мәселесін зерделеп, ұсыныс енгізуді тапсырды.

✓ **ҮШІНШІ**, бұған дейін қала деңгейінде жүзеге асқан белгілі математик, Сыр елінің мақтанышы Асқар Жұмаділдаев атындағы жас

математиктер байқауын келесі жылдан бастап облыстық деңгейде және халықаралық сипатта өткізу бойынша ұсыныстар енгізуді тиіс.

✓ **ТӨРТІНШІ**, білім басқармасына облыс орталығында бюджет есебінен қоғамдық бөлікте жеңілдікпен жүретін студенттер санын арттыру мәселесін қарастырып, нақты ұсыныс беруді жүктеді.

✓ **БЕСІНШІ**, еліміздің бас сәулетшісі, жерлесіміз, биыл 80 жасқа толған Мемлекеттік Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібековтің еңбегін насихаттау үшін Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменовке облыс орталығынан «Жас сәулетшілер мектебін» қалыптастыру бойынша ұсыныс енгізуді тапсырды.

✓ **АЛТЫНШЫ**, Жастар орталығы жанындағы өзен жағалауын «Жастар жағалауы» етіп қалыптастырып, оны абаттандыру қажет. Аймақ басшысы бұл бастамаға барша жастарды атсалысуға шақырды. Жоба жастар арасындағы экологиялық мәдениетті арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті сезіндіреді.

✓ **ЖЕТІНШІ**, аймағмыздағы оқуға ынталы жастарды қолдау маңызға ие. Аймақ басшысы жыл сайын бөлінетін облыс әкімінің білім грантын қажетті жана мамандықтарға бағыттауды тапсырды. Бүгінде шыны зауыты өзінің толыққанды жұмысын бастап, алғашқы өнімдерін шығаруда. Өңірдегі ірі кәсіпорындарда шетелдік жұмыс күшінен жергілікті мамандарға басымдық беріп, жастарды әлемнің маңдайалды оқу орындарында тәжірибесін арттыруға, қайта даярлауға барлық жағдай жасалуы қажет.

✓ **СЕГІЗІНШІ**, Қызылорда қаласы және барлық аудан әкімдеріне аймақта кәсіп

ашуға ынталы, еңбек етемін деген жастарды қолдау үшін уақытша негізде жер беру мәселесін жан-жақты қарастыруды тапсырды.

Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін 2023 жылы облысқа республикадан 3 млрд теңге қаржы тартылатын болады. Бұл мемлекеттік қолдау шаралары арқылы жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелер беріледі. Облыс әкімі осы бастамада алғашқылардың бірі болып жас кәсіпкерлердің үлесін арттыруға қазірден дайындалу қажетін айтты. Сондай-ақ, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракөвқа жастардың кәсібін ашып, жұмысын бастау үшін баспапқы капиталға қол жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

✓ **ТОҒЫЗЫНШЫ**, мемлекеттік бағдарламаларды, жобаларды насихаттау, ақпараттандыру – өте маңызды жұмыстардың бірі. Биыл қолға алынған «Мүмкіндіктер керуені» акциясының ауқымын кеңейтіп, мемлекет тарапынан берілетін мүмкіндіктерді әрбір жас сезінетіндей цифрлық жүйеде жетілдіру керек.

✓ **ОНЫНШЫ**, NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау тек «Жастар ресурстық орталығының» міндеті емес. Дана халқымызда «Ұйымдасқан ұтанды, біріккен бітіреді» деген сөз бар. Бұл жұмыста баршаңызды бірлесіп жұмыс жасап нәтижеге қол жеткізуге шақырамын. Бүгінгі форумда аталған он бастама аймақ жастарының әлеуметтік, рухани дамуына үлкен серпін береріне сеніміміз мол. Бұл бастамалар сәтті жүзеге асқанда бірқатар өзекті деген мәселелер шешімін табады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі форумға арнайы қатысқан бірнеше дүркін Қазақстан, Әлем және Азия чемпионы Әсел Серікбайдың ата-анасын облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады. Волонтерлік қозғалысты дамытуға үлес қосқан бірқатар еріктілерге ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Алғыс хатын табыстап, аймақта мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға үлес қосып жүрген белсенді жастарды облыс әкімінің Алғысымен марапаттады.

Форумға аймақтағы түрлі салада жетістікке жеткен қоғам белсенділері мен көшбасшы жастар қатысты. «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің басшысы, өңірдегі балаларға арналған алғашқы «ASLAN» киностудиясының директоры Жасұлан Алдабергенов аймақта кино өндірісін дамыту бойынша ұсыныс айтты.

– Мен кейінгі төрт жылда кино өндірісін дамыту бағытында жұмыс істеп келемін. Студиямыз қысқаметражды фильмдер, әлеуметтік бейнероликтер түсірумен айналысады. Бұл бағыттағы халық арасында жаңашыл бастамаларды насихаттауда тиімділігі жоғары. «ASLAN» балалар киностудиясы қазіргі уақытта 6-18 жас аралығындағы жастарға арнайы оқыту курсы ашып, болашақ актерлерді тәрбиелеуде. Аға буын өкілдері біз секілді жастарды қолдайтын болса, бұдан да биік белестерді бағындыруға дайынбыз. 2023 жылы Қызылорда облысының 85 жылдығына орай барлық жастардың басын қосып, көркем фильм түсіруді ұсынамын, – деді ол.

Сондай-ақ, Оқушылар сарайының ұстаздары, «Бала Орда» бағдарламасының авторлары

Мақсат Серікбаев пен Сәуле Қалабай жастарға облыс туралы қызықты деректер мен журналистік зерттеулерін ұсынды.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры Нұрбол Аппазов Сыр елі жас ғалымдарының жетістіктері туралы айтты, ғылым саласындағы елеулі оқиғаларға тоқталды.

– Жас профессорларымыздан, қауымдастырылған профессор, PhD доктор, ғылым кандидаттары, магистрлар мен ғылымға қызығушы студенттерден тұратын тобымыз әртүрлі бағытта ғылыми зерттеулер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жетуде. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жергілікті дәрілік өсімдіктерден әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстар алып, көптеген ауруды емдеуде және алдын алуда қолданылатын негізгі әсер етуші заттарды әзірлеуде. Одан бөлек, Ауыл шаруашылығы министрлігі қолдауымен дақылдардың өсуін реттегіштер және олардың ауруларымен күресу үшін де біздің тобымыз жана әсер етуші заттар алуда. Тағы бір айта кетерлігі, өңірімізде тұңғыш рет «Ғылым қоры» АҚ қаржыландыруымен мұнай қалдықтарын өңдеу бағытында жұмысымызды өндіріске енгіздік. Бұдан бөлек, жергілікті мұнай өндіруші компания «ПетроҚазақстан» қолдауымен мұнаймен ластанған топырақты қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Тағы бір ерекше атап өтер жайт, Еуроодақтың қаржыландыруымен елімізде өте сирек кездесетін Альгейер мерже Паркинсон ауруларымен емдеуге әсер етуші заттарды алуда зерттеулер жүргізуіміз. Зерттеулер нәтижесі әлемнің жоғары рейтингті ғылыми басшыларында жарияланып, кең көлемде танылуда. Аймақ ғалымдарының еңбегі ескерусіз қалған емес. Оларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, «Дарын» жастар сыйлығы, талантты жастарға арналған мемлекеттік стипендия, басқа да беделді марапаттар табысталып, жетістіктеріміз бағаланды, – деді ол.

Форум аясында Сыр жастарының жетістіктерінен арнайы көрме, талантты және шығармашыл жастардың концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. «Жас ғалым-2022» облыстық байқауының жеңімпаздары мен белсенді жастар марапатталды.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Ауыл тұрғындарына арналған шағын несиелер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары бекітілген. Жаңа кешенді жоспарды жүзеге асыруда Жамбыл облысы жақсы нәтижеге қол жеткізді. Қазіргі таңда «Жамбыл облысы ауыл халқының табысын арттыру» пилоттық жобасы республика бойынша масштабтау қарастырылып отыр. Осылайша, ауыл халқының табысын арттыру мақсатында республика бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарына сәйкес, ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды ұлғайту және еңбек табысын арттыру іс-шаралары айқындалған. Бұл іс-шараларда ауылдың экономикалық көрінісін айқындау үшін жергілікті жерде әр ауданы аралау жолымен жергілікті жердің скринингін жүргізу, ауыл мен ауданның мамандануын, бизнес әлеуетті және кооперациялық бағыттарды айқындау, технологиялық жарталарды қалыптастыру және басқа да көптеген шаралар қамтылған.

«Ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау бойынша шағын кредиттер беру» бюджеттік бағдарламасын іске қосу жоспарланып, біздің облыста аталған пилоттық жобаны жүзеге асыру алдағы 2023 жылы басталады деп күтілуде. Айта кетейік, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №263 бұйрығы бойынша осы пилоттық жобаны жүзеге асыруға (масштаптауға) микрокредит беру ережесі бекітілді. Нысаналы мақсаты – ауылдық елді мекендерде

және шағын қалаларда бизнес жобаларды іске асыру. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне қарағанда, микрокредиттің жыл-

дық сыйақы мөлшерлемесі 2,5 пайыздан аспайды, мерзімі 5 жылға дейін. Ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 жыл.

Енді осы микрокредиттің ең жоғары сомасы қанша деген сауал туады. Ол 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (7,6 млн теңге шамасында). Бұған қоса, зәкірлік кооперация-

ны дамыту үшін 8 мың айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни, 24,5 млн теңгеге дейін қаражат несиелендіріледі.

Микрокредитті аларда кепілмен қамтамасыз ету талап етіледі және негізгі боршы пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдетілген кезең микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 аспайды (1,5-2,3 жыл).

Облыста жобаны масштабтау мақсатында Қызылорда қаласы мен аудандарда жұмыс топтары құрылып, жобаға қатысушы 16 пилоттық округ тізімі айқындалды. Бүгінде облыстық жұмыс тобы аудандарды аралап, түсіндіру жұмыстарын бастап кетті. Барлық 7 аудан мен Қызылорда қаласына қатысты пилоттық ауылдық елді мекендер бойынша жобалар пулы қалыптастырылып, оның ішінде жаңа инновациялық және өңдеу бағытында ұсынылған жобаларға басымдық берілетін болады.

«СБ» ақпарат



